



НЕГІЗГІ ЗАҢ –
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

2-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



МЕКТЕП ФОРМАСЫН САҚТАУ –
ТӘРТІП ПЕН БІРЛІК КЕПІЛІ

2-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ҚАЛАДАҒЫ СУ БӨГЕТІН НЫҒАЙТУ
МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

3-БЕТ | ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ПРОМЫШЛЕННОСТЬ И НАУКА –
В ОДНОМ ГОРОДЕ

7-БЕТ | НАШ ГОРОД

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ЭКОНОМИКА, ТҰРҒЫН ҮЙ, БІЛІМ БЕРУ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН
ҚАБЫЛДАДЫ

Бұл кездесуде өңір басшысы Марат Ахметжанов Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен баяндап берді.

Ұсынылған есепке сүйенсек, аймақта тек тұрақты өсім сақталып қана қоймай, еліміздің негізгі тірек аймақтарының бірі ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді.

2

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІН АУҚЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ҚАЛАЙ ЖҰРГІЗІЛУДЕ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде отын-энергетика кешенін жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Сенімді, өзін-өзі қамтамасыз ететін және заманауи энергетикалық жүйе еліміздің тұрақты экономикалық өсімі мен әрбір азаматтың әл-ауқатын жақсартудың берік іргетасына айналады.

Электр энергетикасы

Электр энергетикасы саласындағы басты міндет – еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету және экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін толық қанағаттандыру.

4

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

ҚАЛАДА ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ?

Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Фархат Байқасовтың төрағалығымен Төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өткізілді. Жиынға жергілікті атқарушы органдардың, коммуналдық қызметтердің, қоғамдық бірлестіктердің және төтенше жағдайлар басқармасының жауапты өкілдері қатысты. Алдағы шешімдердің нақты нәтижесі қандай болатынын тек уақыт көрсетпек.



2

ЕЛДІҢ АГРАРЛЫҚ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласының дамуы – ел экономикасының тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын арттырудың негізі. Осыған орай ұйымдастырылып отырған ауыл шаруашылығы санағы еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға және даму стратегияларын нақтылауға мүмкіндік береді.

Тамыз айының басынан бастап Ұлттық статистика бюросының 1446 байланыс орталығы халыққа ауыл шаруашылығы санағына қатысты кеңестер ұсынып, сұрақтарына жауап беруде. Мұнда 1 тамыздан бері 10,5 мыңнан астам өтініш қабылдады, оның 8,4 мыңы ауыл шаруашылығы санағына қатысты.

3

САХНАДА ШЫНДЫҚТЫ СӨЙЛЕТКЕН СЫРЛЫ ӘЛЕМ



Театр деген не? Бұл сұраққа әркім әртүрлі жауап береді. Біреу үшін – көңіл көтеретін демалыс, екіншісі үшін – жанға шипа, ал өнер сүйер қауым үшін – өмірдің өзі. Шын мәнінде, театр – қоғам айнасы, адам жанын тәрбиелейтін рухани мектеп. Ол – күлдіріп отырып жылататын, жылатып отырып ойлантатын, үнсіздік арқылы мың сөз айтатын шебер өнер.

8

АҚОРДА

КЕШЕНДІ ЖОБАЛАР:
ЭКОНОМИКА,
ТҰРҒЫН ҮЙ, БІЛІМ БЕРУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

(Басы 1-бетте)

Облыс әкімінің айтуынша, өңір экономикасының басты қозғаушы күші ретінде ауыл шаруашылығы саласы өз маңызын сақтап отыр. Бұл сала дәстүрлі түрде өңір халқының әл-ауқатына тікелей ықпал етіп келеді және бүгінде жоғары нәтижелер көрсетуде. Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 1,2 триллион теңгеге жеткізу жоспарланған. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында жоғары табысты дақылдардың алқаптары кеңейтілді. Әсіресе майлы дақылдар егістігі 2,5 есе өсті. Мұндай шаралар Ақмола облысына Қазақстанның аграрлық секторындағы көшбасшылық орнын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Экономикалық өсіммен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге де баса назар аударылып отыр. Соңғы екі жылда 4,7 мың ақмолалық жаңа баспанаға ие болды, бұл көрсеткіш алдыңғы жеті жылдың нәтижесіне тең. Бұл қадам халықты тұрғын үймен қамту ісінде елеулі ілгерілеу болды және әлеуметтік осал топтардың кезегін шамамен үштен біріне қысқартуға мүмкіндік берді.

Білім беру саласында да ауқымды өзгерістер жүзеге асуда. Өңірде 21 мың оқушыға арналған 33 жаңа білім беру нысаны салынды. Бұл қадамдар үш ауысымды оқытуды жоюға және апатты мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Жаңа оқу жылынан бастап облыс оқушылары заманауи әрі жайлы жағдайда білім алатын болады. Бұл – өңір мен ел болашағына жасалып отырған маңызды инвестиция.

Өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар да назардан тыс қалған жоқ. Жылыту маусымына дайындық жоспарға сай жүргізілуде және ол аясында бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асуда. Көкшетау қаласында қуаттылығы 240 мегаватт электр және 520 гигакалория жылу болатын жаңа жылу электр орталығының құрылысы басталды. Сонымен қатар 200 мыңнан астам тұрғынды таза ауыз сумен қамтамасыз ететін су тазарту құрылыстарының салынуы аяқталуға жақын. Жыл соңына дейін тағы тоғыз елді мекенге газ тартылмақ. Бұл жобалар өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын едәуір жақсартуға бағытталған.

Кездесу қорытындысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының Реновация бағдарламасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтудағы табысты тәжірибесін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы биылғы егін жинау науқанын жоғары деңгейде ұйымдастыруды, Қосшы қаласының даму перспективаларына назар аударуды, су тасқынына қарсы шаралар қабылдауды және инвестиция тарту жұмысын жалғастыруды тапсырды.

Бүгінгі таңда Ақмола облысы кешенді даму үлгісін көрсетіп отыр, мұнда экономика мен әлеуметтік сала қатар өркендеп келеді. Бұл үдерістердің маңыздылығы өңірдің барлық бөлігінде сезіледі – облыс орталығынан бастап индустриялық қалаларға дейін, оның ішінде Степногорск қаласы да бар. Жүргізіліп жатқан саясаттың нәтижесі – тұрғындарға ұсынылып жатқан жаңа мүмкіндіктер мен қалалардың өңір құрылымындағы рөлінің артуы. Бұл өңірдің тұрақты дамуға бағытталған біртұтас және жүйелі бағытын дәлелдейді.

Өз тілшімізден

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ
ҚАЛАДА ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ?

(Басы 1-бетте)

Күн тәртібінің басты мәселесі тұрғын үй секторындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алдағы жылу беру маусымына толықтай дайындық жасау болды. Отырыс барысында қатысушылар алдыңғы жылдағы тәжірибелерді талдап, туындаған мәселелерді шешу жолдарын нақты жоспарлау қажеттігін атап өтті.

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрхан Алпысовтың баяндамасына сәйкес, 2024-2025 жылдардағы жылу беру кезеңінде қаладағы тұрғын үйлерде 14 өрт оқиғасы тіркелген. Солардың екеуі, өкінішке орай, адам өліміне алып келген. Талдау нәтижелері көрсеткендей, өрттердің негізгі себептері – электр құралдарын орнату, сондай-ақ пеш арқылы жылыту кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Бұл жағдайлар тұрғындарға қарапайым, бірақ өмірлік маңызды ережелерді үнемі еске салудың қажеттілігін айқын көрсетеді.

Өткен жылы азаматтық қорғау органдары профилактикалық жұмыстардың кең ауқымын жүзеге асырды. Газет беттерінде 50 мақала жарияланып, радиобаспаларда 546 үндеу жасалды. Сауда үйлері мен орталықтарда 2 935 аудиоролик көрсетіліп, интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде 97 ақпараттық хабарлама орналастырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары үшін ашық сабақтар, дәрістер мен нұсқаулықтар ұйымдастырылып, өрт қауіпсіздігі ережелері жан-жақты түсіндірілді, оқушылар мен жастардың қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

– Практикалық жұмысқа ерекше назар аударылды. Әкімдікпен, полиция басқармасымен және еріктілермен бірлесе отырып, тұрғын үйлерді аралап, түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Әсіресе әлеуметтік жағынан осал отбасылардың қауіпсіздігі басты назарда болды. Тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратылып, көміртегі тотығы

газын анықтайтын датчиктер орнатылды, пеш ошақтары тазаланды. Сонымен қатар тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігі жан-жақты түсіндірілді, – деп атап өтті Нұрхан Алпысов.

Дегенмен талдау барысында белгілі бір қиындықтар анықталды. Әлеуметтік жағынан осал деп белгіленген отбасылар туралы кейбір деректер толық емес болып шықты: тізімдерде тұрмайтын немесе бос үйлер көрсетілген жағдайлар тіркелді. Кейбір мекенжайлар шын өмір сүріп отырған жермен сәйкес келмеді. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі бойынша көрнекі құралдардың саны жеткіліксіз болды, бұл тұрғындардың ақпаратқа қолжетімділігін толық қамтамасыз етпей отыр.

Комиссия отырысында аталған кемшіліктерді жою және профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін нақты шаралар ұсынылды. Олардың қатарында коммуналдық қызметтер, ТЭЦ, «Теплотранзит» және авариялық бөлімшелер нысандарында төтенше жағдайларға жедел әрекет ететін мобильді

көміртегі тотығы датчигін орнату; сондай-ақ ТЭЦ, «Теплотранзит» және авариялық бөлімшелердің жүйелердің тұрақтылығы мен төтенше жағдайлар кезінде қабылданатын шаралар туралы тұрақты есеп беруін ұйымдастыру қарастырылды.

Өз баяндамасының соңында Нұрхан Алпысов жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырудың өрт қауіпсіздігін арттыруға, коммуналдық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге және 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымын апатсыз өткізуге мүмкіндік беретінін ерекше атап өтті. Сондай-ақ ол тұрғындарды қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өздерінің және жақындарының өмірін қорғауға шақырды.

Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист

+7 778 878 89 89

t.me/janarakhmet

zhanarakhmetova90@gmail.com



МЕКТЕП ФОРМАСЫН САҚТАУ –
ТӘРТІП ПЕН БІРЛІК КЕПІЛІ

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

Бүгінде қаламыздың орта білім беру мекемелерінде мектеп формасын сақтап, оны талаптарға сай кию – тәртіп пен бірыңғай мәдениетті қалыптастырудың маңызды шартына айналды. Мектеп формасы оқушылардың бірегейлігін нығайтып қана қоймай, олардың білім алуға деген ынтасы мен жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді. Бұл бағытта бірнеше рет мониторингтер жүргізіліп, ата-аналар мен ұстаздар қауымымен, сондай-ақ жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелердің өкілдерімен бірлескен жұмыстар атқарылуда.

18 тамыз күні Степногорск қаласы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия тобының кезекті отырысы өтті. Бұл жиналыста мектеп формасы талаптарының орындалу барысы жан-жақты талқыланды. Комиссия мүшелері мектеп формасын сақтаудағы қазіргі ахуалды сараптап, оқушылар мен ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін ескерді.

Кеңес барысында мектеп формасын сақтау мәселесіне қатысты өзекті сұрақтар көтерілді. Оқушылардың бірыңғай киім үлгісін ұстануын қамтамасыз ету үшін ұсыныстар қаралып, нақты шешімдер қабылданды. Оның ішінде мектептер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, тәртіпті қатаңдату және мотивациялық шараларды енгізу жайы айтылды. Сонымен қатар ата-аналар мен мектеп әкімшілігінің бірлескен жұмысы маңыздылығы баса айтылды, өйткені тәрбиенің негізгі бастауы отбасы мен мектептің тығыз байланысында жатыр.



Мектеп формасын кию оқушылар арасындағы әлеуметтік теңдікті нығайтып, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл үрдіс білім беру мекемелерінде

рухани және мәдени орта қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Біркелкі киім үлгісі балалар арасында әлеуметтік айырмашылықтардың көзге түсуін азайтып, олардың өздерін еркін әрі сенімді сезінуіне жағдай жасайды. Алдағы уақытта да мектеп формасы талаптарының сақталуын бақылау, түсіндіру және қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетін болады. Мектептерде ұйымдастырылатын ата-аналар жиналыстары, тәрбие сағаттары мен арнайы семинарлар арқылы осы мәселе кеңінен

насихатталады. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен мектептегі ортақ мәдениетті нығайтуға бағытталған маңызды шара болып табылады.

Осындай үйлесімді іс-қимыл арқылы ғана біздің оқушыларымыз тәртіпті, жауапты, мәдениетті әрі рухани бай тұлға болып қалыптасады. Мектеп формасын сақтау білім алудың, тәрбиенің берік негізі екенін ұмытпауымыз керек.

Аяжан ЕРБОЛ

АТА ЗАҢ

НЕГІЗГІ ЗАҢ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

30 жыл бұрын, 1995 жылдың 30 тамызында, республикалық референдумда еліміздің Ата Заңы қабылданды. Ол біздің тәуелсіздігіміз бен дамуының мықты негізі болды. Бұл күн – еліміздің бірлігі, тұрақтылығы мен өркендеуінің символы. Конституция елдің негізгі заңы, Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды, мұнда ең жоғары құндылықтар – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары көрсетілген.

Конституция күні мемлекеттік мереке әрі демалыс күні болып табылады. Кон-

ституция мемлекеттік басқарудың негіздерін бекітеді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын анықтайды, сондай-ақ билікті бөлу принциптерін белгілейді. Конституция Қазақстанның мемлекеттік құрылымының мықты негізі болып табылады, елдің тұрақты және прогрессивті дамуын қамтамасыз етеді. Конституция азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Біз, Қазақстан азаматтары, азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, елдің негізгі Заңын құрметтеп, сақтауымыз

керек. Конституцияны құрметтеу және сақтау әділетті және үйлесімді қоғам құрудың негізі болып табылады. Степногорск қалалық аумақтық инспекциясы барлық азаматтарды осы маңызды күнімен құттықтайды. Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде жариялай отырып, елдің табысты дамуының негізі болып табылады, біздің қоғамымыздағы саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі.

Еркен Доманов,
Степногорск қалалық аумақтық инспекциясының басшысы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

ЕЛДІҢ АГРАРЛЫҚ БОЛАШАҒЫН
АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

(Басы 1-бетте)

Бұл осы шараға деген қоғамдық қызығушылықтың жоғары екенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы санағы бүгінгі таңда онлайн форматта өткізіліп жатыр. Сол арқылы азаматтардың өз үйлерінен шықпай-ақ, ыңғайлы әрі жылдам түрде санақтан өтулеріне мүмкіндік туды. Барлық ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке үй шаруашылықтары sanaq.gov.kz ресми сайтында тіркеліп, санаққа қатыса алады. Бұл процесс тамыз айының соңына дейін жалғасады. Санаққа қатысуға қатысты кез келген сұрақ бойын-

ша тәулік бойы жұмыс істейтін 1446 байланыс орталығы жедел көмек көрсетеді. Сонымен қатар «Sanaq myza» чат-боты және сайттағы онлайн-консультант сияқты цифрлық байланыс құралдары да қолжетімді.

Санақтың екінші кезеңі 2025 жылдың 20 қыркүйегінен 20 қазанға дейін жалғасады. Бұл кезеңде онлайн форматта санақтан өтпеген ауыл шаруашылықтары мен жеке үйлер сұхбат алушылардың араласуымен дәстүрлі әдіспен қамтылады. Осылайша, ел бойынша толық және сенімді деректер жинақталмақ.

Ауыл шаруашылығы санағы – еліміздің аграрлық секторын да-

мытудың сапалы статистикалық негізін қалыптастыратын бірегей шара. Оның нәтижелері арқылы мемлекеттік органдар агросекторды дамыту бағытындағы нақты шешімдер қабылдайды, инвестициялық жобаларды тиімді жоспарлайды, ауылдық жерлерде инфрақұрылым мен әлеуметтік қолдауды жақсартуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар санақ ауыл шаруашылығындағы өнім өндіру көлемін, мал басын, жер пайдалануды және еңбек ресурстарын егжей-тегжейлі зерттеп, ауыл шаруашылығының қазіргі мүмкіндіктерін толық ашып көрсетеді.

Елдің аграрлық секторының дамуы – ұлттық экономиканың маңыз-



ды буыны. Сондықтан да ауыл шаруашылығы санағына қатысу – әрбір азаматтың ортақ борышы әрі жауапкершілігі. Қоғамдық сана мен мемлекет қамқорлығын арттырудағы

осындай шаралардың маңызы зор. Санақтың нәтижелері Қазақстан ауыл шаруашылығының одан әрі өркендеуіне берік негіз болатынына сенім мол.

ҚҰРЫЛЫС

ҚАЛАДАҒЫ СУ БӨГЕТІН НЫҒАЙТУ
МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Степногорск қалалық мәслихатының төрағасы Олжас Аманжолұлы тұрғындармен көшпелі кездесу өткізіп, онда қаланың экологиялық қауіпсіздігі мен су бөгеттің жағдайы сөз болды. Кездесуге келген азаматтар бөгеттің қазіргі ахуалына байланысты наразылық айтып, бірқатар ескертулер мен ұсыныстарын жеткізді.

Әсіресе су деңгейі көтерілуі мүмкін аумақтар, топырақтың сыр беру қаупі бар учаскелер және су өткізгіш жүйелердің жағдайы ерекше назарға алынды. Қала тұрғындары қауіпті аймақтарды нақты нұсқап, бөгеттің беріктігін арттыру үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттігін алға тартты.

Осы ұсыныстар негізінде жауапты органдар бөгетті нығайту жұмыстарына кірісіп, қажетті инженерлік және техникалық шешімдер жүзеге асырылды. Жүргізілген шаралардың арқасында бөгеттің ең әлсіз деген тұстары күшейтіліп, қосымша топырақ үйінділері мен қорғаныс қабаттары салынды. Сондай-ақ су өткізгі арналары реттеліп, төтенше жағдайдың алдын алу үшін бақылау жүйесі күшейтілді.



Қазіргі уақытта бөгетті нығайту жұмыстары толық аяқталды. Бұл тек инженерлік қадам ғана емес, сонымен бірге қала тұрғындарының қауіпсіздігіне деген қамқорлықтың айқын көрінісі. Кездесуде айтылған ұсыныстар ескерусіз қалмай, қысқа мерзім ішінде жүзеге асқаны билік пен халық ара-

сындағы ашық диалогтың нәтижелі болғанын дәлелдейді.

Степногорск тұрғындары да атқарылған жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта мұндай мәселелер бойынша билік пен халық арасындағы тұрақты байланыс сақтала беретінін жеткізді.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІ

Степногорск қаласында инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және халықты сапалы қызметпен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

20 тамыз күні Степногорск қаласы әкімінің орынбасары міндетін атқарушы Әсет Мұқанов пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Самат Орынбайұлы Шаңтөбе кентіндегі жаңғыртылған сумен жабдықтау жүйесіне барып, жұмыс барысын тексерді. Сапар барысында жауапты тұлғаларға құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына ерекше назар аудару және жобаны белгіленген мерзімде аяқтау бойынша нақты тапсырмалар берілді. Жобаны іске асыру барысында туындап отырған негізгі мәселелер талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылды.

Әсет Мұқанов мердігер ұйым өкілдеріне халық үшін аса маңызды нысанды уақытылы әрі сапалы аяқтау қажет екенін ескертті. Сонымен қатар алдағы 2025-2026 жылғы жылыту маусы-



мына дайындық жұмыстары да күн тәртібінен тыс қалған жоқ. Қала басшылығы жылу инфрақұрылымының қазіргі жағдайымен танысып, қажетті жөндеу шараларының орындалу деңгейін тексерді. Мамандардың айтуынша, жүргізіліп жатқан жұмыстар

толық аяқталғанда Шаңтөбе кентінің тұрғындары ауызсу мен жылу жүйесінің сапалы қызметіне қол жеткізеді. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

ЭКОЛОГИЯ

ҚАЛАМЫЗ КӨРКЕМ БОЛСЫН ДЕСЕК...

Степногорск қаласында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жастардың еңбек жасақтары белсенді жұмыс атқаруда. Жоба экологиялық мәдениетті арттырумен қатар патриоттық тәрбие мен достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Биылғы еңбек маусымында қатысушы жастар қала аумағын абаттандыруға, санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге және тұрғындар арасында тазалықтың маңыздылығын насихаттауға ерекше ден қойып отыр.

«Жасыл ел» жасақтарының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты еңбекке баулу, парасаттылыққа тәрбиелеу және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру. Бұл бағыттағы жұмыстар тек қана экологиялық мәнге ие емес, сонымен қатар жастардың қоғамдағы белсенділігін күшейтіп, олардың әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «Жасыл ел» жауынгерлері әуежай жолының бойын, саябақтарды, шағын аудандардағы аулаларды, демалыс орындарын және жаяу жүргіншілер жолдарын тазалап, көгалдандыру және көріктендіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар ағаштарды суару, гүлзарларды күтіп-баптау және тұрмыстық қалдықтарды жинау сынды жұмыстар атқарылууда.

Жастар еңбек жасағының мүшелері мұндай шаралардың өздеріне үлкен тәжірибе беретінін, қоғамға пайдалы іспен айналысу жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыратынын атап өтуде. Олар қаланың тазалығы мен жайлылығы тек коммуналдық қызметке ғана емес, әрбір тұрғынға байланысты екенін жеткізуге тырысуда.

«Жасыл ел» бағдарламасы жыл сайынғы маусымдық жұмыспен қамтудың тиімді тетігіне айналған. Тек экологияны қорғап қоймай, жастардың еңбек дағдысын қалыптастыруға және қоғамдық белсенділігін арттыруға да зор үлес қосуда.

Жергілікті әкімдік пен жастар ресурстық орталықтары тарапынан еңбек жасақтарына барлық қажетті жағдайлар жасалған. Арнайы



киімдермен, құрал-жабдықтармен қамтылып, жұмыс барысында қауіпсіздік ережелері де сақталуда. Бағдарлама соңында белсенді қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталып, олардың еңбегі лайықты түрде бағаланады.

«Жасыл ел» бұл тек еңбек бағдарламасы ғана емес, бұл – туған жерге деген сүйіспеншіліктің, қоршаған ортаға деген жауапкер-

шіліктің жарқын көрінісі.

«Степногорск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ



Бетті дайындаған
Ербол Аяжан
+7 705 126 84 66
t.me/aia_zhan_11
erbol.ayazhan@icloud.com

ПРЕЗИДЕНТТІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ:

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІН
АУҚЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

Басы 1-бетте)

Президенттің тапсырмасы аясын- да алдағы бес жылда кемінде 14 ги- гаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қосу міндеті алға қойылды. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүргізілуде: жұмыс істеп тұрған стансаларды жаңғырту, энергия өндіретін жаңа қондырғылар салу, сондай-ақ гидро және жаңартыла- тын энергия көздерін дамыту. 2023 және 2024 жылдары 1,3 гигаватт жаңа электр қуаты іске қосылды. 2025 жылы тағы 621,5 мегаватт енгізу процесі жүріп жатыр, ал 2026 жылға 2 648,5 мегаватт жоспар- ланған. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін жаңа стратегиялық нысандар салу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Түркістан облысында қуаты 1000 МВт-қа дейінгі бу- газ қондырғысы негізінде электр стансасын салу жобасы жүзеге асырылуда. Қызылордада қуаты 240 МВт жаңа ЖЭО салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Инфрақұрылымның тозуын төмендету 9 жылу электр орталығы қа- үіптілігі жоғары «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа көшті. Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолда- ында инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажетті- гіне назар аударды. ЖЭО-ның тозуын азайту мәселе- лері Үкіметтің ерекше бақылауын- да. Кең ауқымды жөндеу науқаны жүзеге асырылуда: 2025 жылы 10 энергоблокты, 63 қазандықты және 39 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. Қазіргі уақытта 5 энергоблок, 30 қазандық және 19 турбинада жұмыс жүргізілуде. Ал 4 энергия блогы, 15 қазандық және 9 турбинада жөндеу жұмыстары аяқталды. Жүргізіліп жатқан шаралар қазірдің өзінде нақты нәтиже бе- руде: құрал-жабдықты жаңғырту мен жаңарту нәтижесінде еліміздегі ЖЭО-лардың орташа тозуы 64%- дан 61%-ға дейін төмендеді. Өткен жылыту маусымының қо- рытындысы бойынша 9 ЖЭО апат деңгейі жоғары «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа, 3 ЖЭО сарыдан жасыл аймаққа көшті. Қазіргі уақытта «қызыл» аймақта 10 ЖЭО, сары аймақта – 17, жасыл аймақта – 10 ЖЭО бар. Жыл сайын тозуды азайту және нысандарды қауіпті аймақтар- дан қауіпсіз пайдалану аймағына көшіру мақсатында ЖЭО жаңғырту бағдарламасы жүйелі түрде жалға- сады. Президенттің тапсырмасын жүзе- ге асыру шеңберінде 2024 жылғы желтоқсанда Үкімет «Энергетика- лық және коммуналдық сектор- ларды жаңғырту» ұлттық жобасын (бұдан әрі – ұлттық жоба) бекітті, оның аясында ТКШ инфрақұрылы- мын жөндеу бойынша кең ауқымды науқанды ұзақмерзімді жеңілдікпен қаржыландыру басталды. Ұлттық жоба электр энергия- сын өндіру қуаттарын дамытуды, табиғи монополиялар саласын жақсартуды, отандық өндірушілер мен әлеуметтік осал топтарды қолдауды, сондай-ақ процестерді автоматтандыру үшін цифрлық технологияларды енгізуді қамтиды. Бұл жұмысқа 200-ден астам ин- фрақұрылымдық компания тар- тылған. Негізгі көрсеткіш – нысан- дардың тозу деңгейін 40%-ға дейін төмендету. Ұлттық жобаға сәйкес 86 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғыртуға шамамен 6,8 трлн теңге инвестиция тартылады. Оның ішінде: 1,6 мың шақырым жылу желілері; 77,6 мың шақырым электр желілері; 4,7 мың шақырым су құбыры желілері; 2,6 мың шақы- рым кәріз желілері. Бұл апаттар санын 27%-ға азай- туға мүмкіндік береді. Электр қуатын өндірудің жаңа көздерін салуға және қолданыстағы станцияларды жаңғыртуға 6,2 трлн теңге көлемінде инвестиция тарту көзделген. Бұл қаражат станция- лардың тозуын 15%-ға төмендетуге және қосымша 7,3 ГВт көлемінде өндірістік қуат енгізуге мүмкіндік береді. Бүгінде елімізде электр энер- гиясын өндіретін 55 ұйым жұмыс істейді, оның 19 станциясы 65%- дан аса тозған. Электр энергиясын өндіру көлемі – 113 млрд кВт/сағ, ал тұтыну көлемі – 115 млрд кВт/сағ. Осылайша, алдын ала болжам бойынша, алдағы бес жылда Ұлт- тық жобаны жүзеге асыру үшін, энергетика және коммуналдық шаруашылық секторға шамамен 13 трлн теңге инвестиция тарту қажет. Осы ретте қаражаттың негізгі бөлігі жекеменшік қаржы институт- тарынан (екінші деңгейлі банктер – ЕДБ, халықаралық қаржы ұйым- дары – ХҚҰ, Өнеркәсіпті дамыту қоры – ӨДҚ) тартылатынын айта кеткен жөн. Жалпы қаржыландырудың мына- дай тетіктері қарастырылған: тіке- лей қаржыландыру (ҚДБ, ЕДБ, ХҚҰ, ӨДҚ); бірлесіп қаржыландыру; об- лигациялар; бюджеттік несиелер; жекеменшік монополистердің ка- питалы; лизингтік қаржыландыру. Әрбір кәсіпорын үшін қаржылан- дырудың жеке моделі әзірленеді. Ұлттық жобаның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақса- тында тарифтік әдістемеге өзгеріс- тер енгізілді. Бұл салынған қаржы- ның қайтарымын қамтамасыз етіп, қаржылық ағындардың қажетті деңгейін тұрақты түрде сақтауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субси- диялау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Бұл өз кезегінде тарифтерге әсерді азайтуға ықпал етпек. Әлеуметтік осал топтар үшін тарифтік жүктемені жеңілдету мақсатында коммуналдық қызмет ақысын өтеуге атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Сонымен бірге тозу деңгейі жоға- ры, құжаттары расталған және қаржыландыруға дайын 48 табиғи монополия субъектісі (96 жоба) қарастырылып, анықталды. Жалпы сомасы 144,5 млрд теңгеге 1 347 шақырым коммуналдық желіні жөндеу мен ауыстыру және 3 047 бірлік жабдықты жаңарту жоспар- ланған. Энергетикалық және коммунал- дық инфрақұрылымды жаңғырту мен салу аясында отандық өндірісті барынша пайдалану жоспарланып отыр. Ұлттық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде ТКШ өнімдерін өн- діретін қазақстандық кәсіпорындар толық қуатымен жұмыс істейді деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар шамамен 190 млрд теңге инвести- ция есебінен тағы 27 жаңа өндіріс орны салынып, 3,5 мыңға жуық жұмыс орнын ашу көзделген. Пайдаланылатын отандық кәсіп- орындардың өнім көлемі шамамен 4,4 трлн теңге құрайды. Бұл тәсіл ішкі нарықтағы бәсе- кеге қабілеттілікті күшейтіп қана қоймай, импортқа тәуелділікті азайтып, «жергілікті» кәсіпорын- дардың жалпы нарықтағы орнын бекемдеуге мүмкіндік береді. Ұлттық жобаны жүзеге асыру халықтың әлеуметтік осал топ- қол жеткізуді қамтамасыз ететін «Ұлттық индустриялық мұнай-хи- мия технопаркi» АЭА (ауданы 3 600 гектардан астам) бекітіледі. Бүгінгі таңда АЭА-да 18 қатысушы компа- ния тіркелген.

Газ саласы: геологиялық барлаудан терең өңдеуге дейін Газ саласында дамудың бүгінгідей кезеңіндегі стратегиялық міндет – тауарлық газдың ресурстық база- сын кеңейту. Президентіміз Жолдауында атап өткендей, саланың қуаттылығын кеңейтіп, газ тасымалдау бағыт- тарын әртараптандыру қажет.

Цифрлық трансформация және инновациялық басқару Жаңғыртудың маңызды бағыты заманауи – цифрлық шешімдерді енгізу. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында салада жасанды интеллект техно- логиялары белсенді қолданылуда. Электр энергетикасында ЖИ дрондары электр желілерін же- дел диагностикалауға, ақауларды анықтауға және оларды алдын алуға көмектеседі. Жылу энергетикасында акусти- калық резонансқа негізделген роботты кешендер құбырлардың күйін ішінен сканерлейді, бұл жөн- деуді нақты, тиімді және тарифтік жүктемені төмендетумен жүргізуге мүмкіндік береді. Газ саласында ЖИ көмекші сәт- ті жұмыс істейді, ол фотография арқылы есептегіштердің көрсет- кіштерін автоматты түрде анықтай- ды, бұл тұтынушылар үшін үдерісті жеңілдетеді.

Аралас салаларды қамтамасыз ету және ұзақмерзімді жоспарлау Жаһандық жобалармен қатар экономиканың негізгі секторларын қамтамасыз ету бойынша ағымдағы міндеттер де орындалуда. Мәселен, елімізде жол-құрылыс саласын отандық битуммен қамтамасыз ету мәселесі толығымен шешілді. Жұмыс істеп тұрған төрт зауытты жаңғырту есебінен олардың жал- пы қуаттылығы жылына 1,52 млн тоннаға дейін жеткізілді, бұл ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтейді. 2025 жылдың мамыр айында «Caspi Bitum» БК ЖШС жаңғырту аяқталды, бұл өндірістік қуат- тылықты айына 50-ден 67 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Осылайша, елде битумды ішкі нарыққа жеткізу толығымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ қажет болған жағдайда 500 мың тоннаға дейінгі импорт қамтамасыз етіледі. 21 шілдеде Үкіметтің қаулысымен мұнай өңдеу саласын дамытудың 2025-2040 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Бұл құжат көмірсутектерді өңдеу мен қосылған құны жоғары өнімді өн- діруді тереңдетудің стратегиялық векторын анықтайды. Барлық кешенді жұмыс Президент қойған басты мақсатқа – әрбір қа- зақстандықтың игілігі үшін жұмыс істейтін сенімді, заманауи және энергетикалық кешенге негізделген күшті және әртараптандырылған экономиканы құруға бағытталған.

primeminister.kz

ЦИФРЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯ
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
БАСҚАРУ

Президенттің 2024 жылғы
Жолдауындағы және басқа да
тапсырмаларын жүзеге асыру

МИНДЕТ: энергетика саласына ЖИ
технологияларын енгізу

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ

ЖИ бар дрондар электр
желілерін тексеріп, ақауларды
дер кезінде анықтап, апаттың
алдын алады

ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

акустикалық резонанс әдісімен
құбырларды іштен сканерлейтін
робот кешендері нақты ақау
шыққан жерді жөндейді

ГАЗ САЛАСЫ

ЖИ-көмекші есептегіш
көрсеткіштерін
автоматты түрде оқиды

ЖҰМЫСТЫҢ КӨЗІН ТАП, ҚИСЫҚТЫҢ ТЕЗІН ТАП

КОНТАКТ-ЦЕНТР 1446

КАК ПРОЙТИ СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСЬ БЕЗ СЛОЖНОСТЕЙ

ФОКУС

С начала августа контакт-центр Бюро национальной статистики 1446 стал настоящей «линией поддержки» для жителей страны, желающих принять участие в Национальной сельскохозяйственной переписи. Каждый день специалисты центра внимательно отвечают на вопросы граждан, объясняют порядок заполнения форм, уточняют нюансы онлайн-регистрации и помогают преодолеть возможные трудности. Такой внимательный подход обеспечивает уверенность участников переписи и делает процесс более доступным и понятным для всех слоев населения, от опытных фермеров до жителей небольших хозяйств, впервые сталкивающихся с онлайн-форматом.

С 1 августа контакт-центр обработал более 10,5 тысячи обращений. Из них свыше 8,4 тысячи касались непосредственно вопросов проведения сельхозпереписи. Эти цифры говорят о высокой заинтересованности населения в точном статистическом учете сельского хозяйства. Жители понимают, что их участие важно для формирования достоверной картины аграрного сектора, что, в свою очередь, влияет на планирование господдержки и развитие фермерских хозяйств. Обратная связь от граждан помогает специалистам Бюро корректировать процесс переписи, делая его более удобным и эффективным для всех участников. На сегодняшний день перепись до-

ступна в удобном онлайн-формате. Все сельхозформирования и домохозяйства могут до конца августа пройти перепись на официальном сайте sanaq.gov.kz. Онлайн-платформа позволяет сэкономить время, минимизировать ошибки при заполнении и получить точные данные без необходимости личного визита. Такой подход особенно важен для жителей отдаленных районов, где доступ к офисам статистики может быть ограничен, а цифровая форма позволяет участвовать дистанционно и без сложностей.

Для оперативного предоставления консультаций контакт-центр работает круглосуточно. Помимо телефонной линии, доступны цифровые

каналы связи: чат-бот «Sanaq Muzga» и онлайн-консультант на сайте, которые помогают получить разъяснения и ответы на любые вопросы в любое время. Такая комплексная поддержка создает ощущение уверенности у участников переписи и способствует высокой вовлеченности населения, делая процесс статистического учета прозрачным и доступным.

Второй этап переписи пройдет с 20 сентября по 20 октября 2025 года. В этот период интервьюеры лично посетят домохозяйства, чтобы собрать данные у тех, кто не смог пройти перепись онлайн. Этот этап гарантирует, что информация о каждом хозяйстве будет учтена, а статистика станет максимально полной и досто-

БЮРОНЫҢ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ АЯСЫНДА 8 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІШ ӨҢДЕДІ

КОНТАКТ-ЦЕНТР БЮРО ОБРАБОТАЛ СВЫШЕ 8 ТЫСЯЧ ОБРАЩЕНИЙ В РАМКАХ СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ

1446

stat.gov.kz



верной, отражая реальное состояние аграрного сектора страны.

Национальная сельскохозяйственная перепись играет ключевую роль в актуализации данных о сельхозпроизводителях и формировании качественной статистики. Она становится основой для стратегического развития аграрного сектора, планирования поддержки фермеров и совершенствования сельскохозяйственной политики страны.

В Степногорске, как и во многих других регионах, жители отмечают важность участия в переписи. Они подчеркивают, что своевременное предоставление данных помогает

точнее отражать состояние хозяйств, получать своевременную поддержку и участвовать в формировании прозрачной статистики. Фермеры и жители домохозяйств отмечают удобство онлайн-формата и ценят консультационную поддержку контакт-центра, благодаря которой процесс переписи стал понятным и доступным каждому. Активное участие степногорцев не только способствует получению достоверной информации о сельхозпроизводителях, но и укрепляет связь общества с государственной статистикой, делая вклад в развитие местного аграрного сообщества.

ЭЛЕКТРОННАЯ МЕДИЦИНА

ЦИФРОВИЗАЦИЯ МЕНЯЕТ ЖИЗНЬ СТЕПНОГОРЦЕВ

Более 4,7 млн медицинских справок оформлено в электронном виде – результат цифровизации в рамках Послания-2024. В Казахстане активно внедряются цифровые технологии в здравоохранении. В Степногорске, как и в других городах страны, идёт постепенный переход на электронные справки, что позволяет повысить прозрачность работы поликлиник, снизить нагрузку на врачей и улучшить качество услуг для жителей города.

В рамках проекта цифровой идентификации пациентов, созданного для борьбы с фиктивными регистрациями, бюджет сэкономил 4,7 млрд тенге. Использование технологии Face ID позволило сократить количество необоснованных медицинских услуг на 6%. Иногда, проходя мимо регистратуры, думаете: «Сколько времени раньше терялось на бумажки... а теперь всё можно сделать за пару минут».

Наибольший спрос отмечается на восемь видов медицинских справок, переведённых в электронный формат: 073/у «Разрешение на управление транспортным средством», 075/у «Медицинская справка», 052-2/у «Паспорт здоровья ребёнка», 026/у «Заключение ДКК», 069/у «Санаторно-курортная карта», 076/у «Разрешение на хранение оружия» и 038/у «Справка о временной нетрудоспособности». С начала года в информационных системах зарегистрировано более 4,7 млн таких документов. Сейчас ведётся работа по полному отказу от бумажных «листок нетрудоспособности».

Функционал медицинских информационных систем оптимизируется, благодаря чему нагрузка на работников здравоохранения снижается до 40%. С сентября этого года в систему внедрят искусственный интеллект в виде «врачебного помощника», который будет помогать врачам в диагностике и снижать количество ошибок.

Мы поинтересовались у жителей Степногорска, как они относятся к электронным справкам и цифровизации здравоохранения.

- Асем, 32 года, учительница: «Раньше оформление справок отнимало очень много времени: очереди, походы в разные кабинеты. С появлением электронных документов всё стало проще и удобнее. Особенно приятно, что можно оформить справку онлайн и не тратить целый день на бюрократию. Думаю, это действительно шаг к современному здравоохранению. Иногда даже улыбаешься, вспоминая, как стояла в очередях по несколько часов».
- Руслан, 45 лет, водитель: «Сначала было непривычно, что теперь всё в цифровом формате. Но уже через пару недель понял преимущества: экономия времени, меньше бумажной волокиты, а главное – уверенность, что данные в системе защищены. Кроме того, это экономит деньги – не нужно переплачивать за дополнительные справки, которые раньше оформлялись по старой системе. Иногда говорю сам себе: «Вот это прогресс!».
- Жанна, 28 лет, молодая мама: «Для меня особенно важно, что паспорт здоровья ребёнка теперь можно получать электронно. Это удобнее, чем собирать все справки по отдельности. Иногда система даёт сбой, но в целом ощущается реальная экономия времени. Думаю, с внедрением «врачебного



помощника» ошибки в документах станут минимальными, и процесс станет ещё быстрее. Когда оформляешь справку, понимаешь, что это не просто бумажка, а реальная помощь в повседневной жизни».

